

«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Ғ. ТҰРСЫНОВ

2025 жылты «04» 03

**2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау»
Респубикалық математикалық олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңына, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді. Ереже олимпиаданың мақсаты мен міндеттерін, үйымдастыруышылық-әдістемелік қамсыздандырылуын, өткізу тәртібі мен қаржыландыруын, қатысуын және женімпаздар мен жұлдегерлерін анықтайды.

2. 2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» математикалық олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) – бастауыш сынып оқушыларына арналған білім берудамыту бағдарламасы. Олимпиада жеке және командалық сайыс болып табылады.

3. Олимпиаданың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеттері ерекше дамыған дарынды балаларды айқындау, қолдау, математикадан білімдерін тереңдептесу және кеңейту болып табылады.

4. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- математика саласындағы дарынды бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары бойынша шығармашылық қарым-қатынас жасау үшін командалық жарыстар түрінде арнайы жағдайлар жасау;

- дарынды бастауыш сынып оқушылары арасынан математика пәнінен олимпиадалық резерв қалыптастыру;

- бастауыш сынып оқушыларының жеке және командалық жарыстарға қатысу дағыларын дамыту;

- жастардың танымдық және шығармашылық белсенділігін ынталандыру математика пәнінен бастауыш сынып оқушыларының білімін тереңдептесу және кеңейту.

II. Олимпиада қатысушылары

1. Олимпиадаға білім беру үйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 2-4 сынып оқушылары арасында 3 қатысушы команда ретінде қатыса алады.

2. Әрбір облыстан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ-нан, респубикалық білім беру үйымдарынан біреуі қазақ екіншісі орыс тілдерінде оқытатын 2 команدادан ұсынады.

3. Эр команданың құрамы үш адамнан тұрады: 2 сыныптан - 1 оқушы, 3 сыныптан - 1 оқушы, 4 сыныптан - 1 оқушы + 1 команда жетекшісі.

4. Команда жетекшісі математикалық білім саласындағы бастауыш мектептің маманы болуы тиіс (*бастауыш сыныптың мұғалімі, математика пәнінің оқытушысы, әдіскер, математика үйірмесінің жетекшісі*).

5. Олимпиаданың өту барысында және жол жүру уақытында қатысуышылардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі үшін және қайта тұрғылықты жеріне қайта оралғанға дейін команда жетекшілеріне жауапкершілік жүктеледі.

III. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Олимпиаданы өткізу және ұйымдастыру жұмыстарын дайындал жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын Олимпиаданың қорытынды кезеңі бойынша өткізілу мерзімі мен өтетін орның, дайындықты тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады, әдістемелік кеңестің, қазылар алқасы құрамының, қорытынды кезеңінің өткізу бағдарламасын, қатысуыш-командалардың тізімін бекітеді және женімпаздар мен жұлдегерлерді марапаттайды.

3. Әдістемелік кеңес Олимпиаданың үш туры бойынша тапсырмаларын, оларды бағалау мен критерийлерін және өткізу ережесін әзірлейді және құрастырады.

4. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысуышылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, женімпаздар мен жұлдегерлерді марапаттау бойынша ұйымдастыру комитетіне ұсыныстарын енгізеді.

5. Олимпиада 2 кезең бойынша өткізіледі:

I кезең – іріктеу (облыстық);

II кезең – қорытынды (республикальық).

6. Олимпиаданың іріктеу кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикальық білім беру үйымдары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тарапынан тағайындалған жауапты үйлестірушілер Олимпиада басталардан 3 апта бүрін республикальық ұйымдастыру комитетіне облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысын, хаттамасын және Олимпиаданың республикальық қорытынды кезеңіне қатысуға өтінімді ұсынуы тиіс.

7. Олимпиаданың республикальық кезеңіне қатысу жөнінде өтінімдерді облыстық және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, ДББҰ «НЗМ», РББҰ, КеАҚ «РФММ» басшыларының қолымен расталған сұраныс хат арқылы іске асырылады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, «Алтын Орда» бизнес орталығы, 307 каб., тел: +7 (7172) 57-65-63, индекс: Z05K5K8, e-mail: info@daryn.kz.

8. Олимпиада қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі. Олимпиаданың қорытынды кезеңі 3 турдан тұрады:

- 1-тур – «Әу, баста!» (командалық, жазбаша тур);
- 2-тур – «Көкпар» (командалық, ауызша тур);
- 3-тур – «Математикалық бәйге» (жеке, ауызша тур).

IV. Қорытындылау және марапаттау

1. Олимпиаданың қатысушыларына сертификаттар беріледі.
2. Олимпиада қорытындысы бойынша жеке және командалық есепте жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер (45%) «Дарын» РFTPO-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.
3. Олимпиадада жоғары нәтиже көрсетіп, максималды ұпай жинаған жеңімпаз-командаға Бас-жүлде марапаты мен «Дарын» РFTPO кубогы тапсырылады.

V. Қаржыландыру

1. Олимпиаданы қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Жетекшілердің іс-сапар шығындары жіберуші тараттың есебінен төленеді.

Қатысушыларға арналған нұсқаулық

1-ТУРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ – «ӘУ БАСТА!»

1. «Әу Баста!» – бұл есептерді шешуге арналған командалық жарыс. Барлық есептер барлық командаларға бір уақытта беріледі. «Әу Баста!» ойынындағы негізгі бағалау көрсеткіші – жалпы жинаған үпай саны.
2. Эр командаға 3 тақырып бойынша 6 есептен беріледі. Эр тақырыптағы бірінші есептің бағасы – 10 үпай, екіншісі – 20 үпай, ..., алтыншы есеп – 60 үпай. Сонымен қатар, қосымша бонустар бар: көлденең бонус, тік бонус және барлық есептерді шешкені үшін берілетін бонус. Бонустарды есептеу тәртібі төменде көрсетілген.
3. Эр команда ең көбі **990 үпай** жинай алады (есептерді шешкені үшін 630 үпай + бонустардан 360 үпай).
4. **Команда капитанының міндеттері.** Команданың капитаны ең мықты ойынши болуы тиіс. Капитаның негізгі міндеті – команданың жауаптарын тексеріп, мүмкіндігінше **50 үпайдан жоғары** бағаланған есептерді шешу. Сонымен қатар, қатысушылар тек жауаптарды ғана емес, есептерді шешу жолдарын да бір-бірімен талқылауы ұсынылады.
5. «Әу Баста!» ойында жиналған үпайлар жалпы командалық рейтингке қосылады.
6. Есептерді шешуге **120 минут** беріледі. Команда ойынды, егер барлық есептерді шешіп болса немесе уақыты аяқталса, тоқтатады.
- 7. Ойын өткізу тәртібі және үпай есептеу ережелері.**
 - 7.1. Ойын басталғанда командалар есептер жинағы мен жауап парактарын алады.
 - 7.2. Жауап парактарына тек есептердің **жауаптары** ғана жазылады, шешу жолдарын жазудың қажеті жоқ.
 - 7.3. Егер есептің жауабы дұрыс болса, команда сол есептің белгіленген үпай санын алады.
 - 7.4. Егер жауап дұрыс болмаса немесе мүлде берілмесе, команда **0 үпай** алады.
 - 7.5. Эр команда қосымша бонустар жинай алады. Бонустар екі түрлі болады: **көлденең бонус және тік бонус.**
 - 7.5.1. **Көлденең бонус** – барлық тақырыптардағы бірдей үпайлар есептердің барлығын дұрыс шешкені үшін беріледі. Бонустың үпай саны осы есептердің бағасына тең болады. Мысалы, егер команда 40 үпайлық үш есептің барлығын дұрыс шешсе, олар қосымша **40 үпай** бонус алады.
 - 7.5.2. **Тік бонус** (**50 үпай**) – бір тақырыптағы барлық есептерді дұрыс шешкені үшін беріледі.
 - 7.6. Белгіленген уақыт аяқталған соң, командалар жауап парактарын қазылар алқасына тапсырады. Қазылар жауаптарды тексеріп, нәтижелерді хаттамаға енгізеді.
 - 7.7. 1-турдың аяқталғаны туралы барлық қатысушыларға хабарланады.
 - 7.8. Егер даулы жағдайлар туындаса, команда жетекшісі нәтижелер

жарияланғаннан кейін **1 сағат ішінде** қазылар алқасына шағымдана алады. Апелляция жіберу сілтемесі команда жетекшілеріне кейінрек жолданады.

Катысушыларга арналған нұсқаулық

2-ТУРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ – «КӨКПАР»

1. «Көкпар» – бұл есептерді шешуге арналған командалық жарыс. «Көкпар» ойынындағы негізгі бағалау көрсеткіші – жалпы жинаған ұпай саны. Ұпай жинау жүйесі бойынша көптеген есептерді шешу міндетті емес, бастысы – қатарынан бірнеше дұрыс жауап беру. Ұпай есептеу ережелері төменде сипатталған.
2. Эр командаға **15 есеп** беріледі, олар әртүрлі тақырыптарды қамтиды.
3. Ойын басталғанда әр команда **алғашқы 3 есепті** алады.
4. **Тек жауаптарға тапсырылады**, есептің шешу жолын тапсырудың қажеті жоқ. Эр есепке екі рет **жауап беру мүмкіндігі** бар. Есептерді кез келген ретпен тапсыруға болады. Егер есеп дұрыс шешілсе немесе команда барлық мүмкіндікті пайдаланып қойса, есептің жазылған параграфы қазыларға өткізіледі, орнына жаңа есеп беріледі. Осылайша, ойын барысында команданың қолында әрдайым **3 есеп болады**.
5. Бастапқыда **әр есептің бағасы – 35 ұпай**. Кейіннен есептің бағасы ойынның барысына байланысты өзгереді.
6. Есептің ең төменгі бағасы – **35 ұпай**, одан төмен түсे алмайды.

7. Ұпай есептеу ережелері

7.1. Егер есептің дұрыс жауабы бірінші мүмкіндікте берілсе, команда **есептің ағымдағы бағасына тең ұпай алады**. Команда есептің мәтінін қазыларға тапсырып, жаңа есеп алады. Келесі есептің бағасы **1 ұпайға артады**.

7.2. Егер бірінші мүмкіндікте жауап **қате** болса, есептің бағасы **1 ұпайға төмендейді** (бірақ 35 ұпайдан төмен болмайды). Команданың әлі **бір рет жауап беруге құқығы бар**, басқа есепті тапсыру мүмкіндігі болмайды. Команда **екінші мүмкіндікті пайдалануы** немесе есептен бас тартуы керек (7.5-тармақты қараңыз).

7.3. Егер **екінші мүмкіндікте дұрыс жауап берілсе**, команда **есептің ағымдағы бағасына тең ұпай алады**. Команда жаңа есеп алады. Келесі есептің бағасы **1 ұпайға артады**.

7.4. Егер **екінші мүмкіндікте де жауап қате** болса, команда **0 ұпай алады**, есептің мәтінін қазыларға тапсырып, орнына жаңа есеп алады. Келесі есептің бағасы **2 ұпайға төмендейді** (бірақ 35 ұпайдан төмен түспейді).

7.5. Кез келген уақытта команда есепті **"сброс"** жасай алады – яғни есепті тапсырудан бас тартады. Бұл жағдайда команда есептің мәтінін қазыларға тапсырып, орнына жаңа есеп алады. Бұл жағдайда **есептің ұпайы екі**

мүмкіндікті пайдаланып, дұрыс жауап бермен жағдаймен тәнестіріледі (келесі есептің бағасы 2 ұпайға төмеңдейді, бірақ 35 ұпайдан төмен түспейді).

8. Команда капитанының міндеттері

Капитан команданың ең мықты ойыншысы болуы тиіс. Оның негізгі міндеті – команданың жауаптарын тексеріп, ең күрделі есептерді шешуге тырысу. Сонымен қатар, команда мүшелеріне тек жауаптарды ғана емес, есептерді шешу жолдарын да бірге талқылау ұсынылады.

9. Жалпы ұпай жинау мүмкіндігі

Ойын барысында команда есептерді дұрыс шешу арқылы **630 ұпайға** дейін жинай алады.

10. Ұақыт лимиті және турды аяқтау шарттары

Есептерді шешуге **120 минут** беріледі. Команда ойынды аяқтайды, егер:

- Барлық есептерді шешіп болса;
- Белгіленген ұақыт аяқталса.

Ұақыт аяқталғаннан кейін тапсырылған жауаптар қабылданбайды және есептелмейді. Турдың аяқталғаны туралы барлық қатысушыларға хабарланады.

11. Қорытынды және даулы мәселелер

Тексеру аяқталғаннан кейін **нәтижелер хаттамаға** енгізіледі. Егер даулы жағдайлар туындаса, команда жетекшісі нәтижелер жарияланғаннан кейін **1 сағат ішінде** қазылар алқасына жүгінуге құқылышы. Апелляция береу сілтемесі команда жетекшілеріне кейінрек жолданады.

Қатысушыларга арналған нұсқаулық

3-ТУРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ – «МАТЕМАТИКАЛЫҚ БӘЙГЕ» (жеке есеп)

1. Жалпы ережелер

1. «Математикалық бәйге» – бұл жеке есеп шығару жарысы. Әр сынып үшін бөлек өткізіледі. Барлық есептер барлық сынып қатысушыларына бір үақытта беріледі. "Математикалық бәйге" ойынында негізгі бағалау көрсеткіші – жиналған жалпы ұпай саны.
2. Әрбір қатысушыға 5 есептен тұратын тапсырма беріледі. Алғашқы үш есепте үш сұраққа жауап беру қажет. 4 және 5 есептердің шешімін қатысушы ауызша қазылар алқасына түсіндіруі тиіс.
3. Әр есеп ең көбі 10 балмен бағаланады.
4. Алғашқы үш есепті үш ретten артық тапсыруға болмайды. Егер есеп тапсырылмаса, қатысушы 0 балл алады. Қатысушының есеп бойынша алатын ұпай саны дұрыс жауаптардың санына және қолданылған мүмкіндік санына байланысты есептеледі. Ұпайлар келесі формула бойынша есептеледі:

Шешім үшін ұпайларды есептеу кестесі		Айып ұпайларын есептеу кестесі	
Дұрыс жауап саны	Шешім үшін берілетін ұпайлар	Колданылған әрекет саны	Айып ұпайлары
3	10	1	0
2	8	2	1
1	6	3	3

5. 4 және 5-ші тапсырмалар қазылар алқасына **ауызша тапсырылады**. Бұл тапсырмаларды тек бір рет тапсыруға болады. Эр тапсырма бойынша **бағалау критерийлері** өзірленеді.

Бағалау критерийлері (шамамен)

10 балл – оқушы дұрыс жауап береді және қазылар алқасының қосымша сұрақтарынсыз толық шешімін ұсынады.

9 балл – оқушы дұрыс жауап береді және толық шешімді тек қазылар алқасының бір-екі қосымша сұрағынан кейін ұсынады.

8 балл – оқушы дұрыс жауап береді және толық шешімді бірнеше қосымша сұрақтардан кейін ғана ұсынады.

7 балл – оқушы жартылай дұрыс жауап береді, бірақ бірнеше сұрақтарға қарамастан шешімді түсіндіре алмайды. Қазылар алқасы шешімді түсіндіргеннен кейін оқушы оны түсінеді.

6 балл – оқушы бірнеше сұрақтардан кейін де дұрыс жауап бере алмайды, бірақ тапсырманы шешуге көмектесетін идеялар ұсынады. Қазылар алқасы шешімді түсіндіргеннен кейін оқушы оны түсінеді.

5 балл – оқушының барлық пайымдаулары мен жауабы қате болды. Қазылар алқасы шешімді түсіндіргеннен кейін оқушы оны түсінеді.

0 балл – тапсырма қазылар алқасына тапсырылмаған.

6. Эр қатысушы ең көбі **50 балл** ала алады. Қатысушының жинаған ұпайлары **3 коэффициентіне көбейтіліп**, жалпы командалық рейтингке қосылады.

7. Тапсырмаларды орындауға **120 минут** беріледі. Қатысушы осы кезеңге бөлінген уақыт аяқталған кезде немесе барлық тапсырмаларды орындал болған жағдайда ойынды аяқтайды.

7.1. №1-3 тапсырмаларды тапсыру тәртіби

7.1.1. Эр тапсырма бойынша тек жауаптар тапсырылады.

7.1.2. Эр тапсырманы **ұш реттеген артық тапсыруға болмайды!** Егер бірінші ретте жауап қате болса, дұрыс жауап беруге тағы екі мүмкіндік бар.

7.1.3. Баллдар жоғарыда көрсетілген схема бойынша есептеледі (**қараңыз: 4-тармак**).

7.2. №4-5 тапсырмаларды тапсыру тәртібі

- 7.2.1. №4-5 тапсырмалар **ауызша** түрде қазылар алқасына тапсырылады. Қатысушы қазылар алқасына шешімін толық дәлелдемелерімен түсіндіруі қажет.
- 7.2.2. Қатысушы алдын ала жіберілген қескіндер мен мәтіндерге сұйеніп түсіндіруге, сондай-ақ, түсіндіру барысында қағазға жазып, оны камера арқылы көрсетуге құқылы.
- 7.2.3. Тапсырмаларды бағалау ережелері **5-тармақта** көрсетілген.
- 7.3. Тур аяқталуға **30 минут қалғанда**, егер қатысушы әлі тапсырма тапсырмаған болса, қазылар алқасы оны тапсыруды сұрауы мүмкін.
- 7.4. З-турға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін тапсырмаларды тапсыруға рұқсат берілмейді, олар есепке алынбайды. З-турдың аяқталғаны туралы барлық қатысушыларға хабарланады. Жалғыз ерекшелік – егер қатысушы ауызша тапсырманы тапсыруға дайын екенін алдын ала хабарлап, кезегін күтіп отырса. Мұндай жағдайда, ол тапсырманы қазылар алқасына **тур аяқталғаннан кейін де** тапсыра алады. Егер қатысушы алдын ала мұндай ниетін білдірмесе, тапсырманы тапсыруға рұқсат етілмейді.
8. Тур аяқталғаннан кейін нәтижелер **кестеге енгізіледі**. «Математикалық бәйге» бойынша жинақталған үпайлар **3 коэффициентіне көбейтіліп**, жалпы командалық рейтингке қосылады.
9. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда, команданың жетекшісі **З-тур аяқталғанин кейін 1 сағат ішінде** қазылар алқасына шағымдана алады.